

Қазақ ССР-і мен Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2725 Заң күші бар жарлығы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабына, "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес Қаулы Етемін:

1. 1959 жылғы 22 шілдеде Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің Қылмыстық істер жүргізу кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1959 ж., N 22-23, 178-құжат; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1983 ж., N 15, 155-құжат; N 41, 434-құжат; Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1963 ж., N 26; 1966 ж., N 9, N 41 және N 43; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1970 ж., N 26; 1972 ж., N 51; 1973 ж., N 11; 1975 ж., N 9 және N 25, 1976 ж., N 29; 1977 ж., N 14; 1978 ж., N 22; 1981 ж., N 14; 1983 ж., N 46, 51-құжат; 1991 ж., N 10, 132-құжат; N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28; 372-құжат, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 17; 404-құжат, 424-құжат, 1995 ж., N 1-2; 17-құжат; N 8, 55-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 21-бапта:

5 а) және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5 а) "тергеу бөлімінің бастығы" - өз өкілеттіктері шегінде іс-қимыл жасайтын Мемлекеттік тергеу комитетінің Төрағасы, Мемлекеттік тергеу комитетінің, ұлттық қауіпсіздік органдары бас тергеу басқармасының, басқармасының, бөлімінің, бөлімшесінің бастығы мен оның орынбасарлары;

6) "тергеуші - Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеушісі, ұлттық

қауіпсіздік органдарының тергеушісі";

2) 112-1 бапта:

2-тармағы "адамдардың" сөзінен кейін "сондай-ақ тергеу бөлімдері бастықтарының" сөздерімен толықтырылсын;

4-және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қылмыстарды ашу және оларды жасаған адамдарды табу үшін қажетті шаралар қолдану туралы нұсқаулар береді;

5) жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысады";

11-тармақта "айыптау қорытындылары (қаулыларын) бекітеді"

сөздері алынып тасталсын;

3) 113-бап мынадай мазмұндағы 6, 7, 8 -тармақтармен

толықтырылсын:

"6) Мемлекеттік тергеу комитеті;

7) кеден органдары - кеден ісіне қатысты контрабанда және өзге қылмыстар жөніндегі істер бойынша;

8) салық полициясы органдары - салық зандарын бұзушылыққа байланысты қылмыстар жөніндегі істер бойынша.";

4) 119, 120-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"119-бап. Алдын ала тергеу органдары

Қылмыстық істер жөніндегі алдын ала тергеуді Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеушілері, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушілері жүргізеді.

120-бап. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер

Барлық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті, бұларға осы Кодекстің 89 және 116-баптарында көрсетілген қылмыстар қосылмайды, бұл қылмыстар бойынша алдын алу тергеу сот немесе прокурор қажет деп тапқан жағдайда ғана жүргізіледі.

Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 50-56-1, 58, 59, 61, 62, 62-1, 62-2, 64, 65, 69, 70-баптарының 246-бабының "а", "б" және "в", тармақшаларында көзделген қылмыстар жөніндегі істер бойынша алдын ала тергеуді ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушілері жүргізеді.

Осы баптың екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды қоспағандағы істер бойынша алдын ала тергеуді Мемлекеттік тергеу комитетінің тергеушілері жүргізеді.

Лауазымдық қылмыстар туралы істер бойынша алдын-ала тергеуді қылмыстық істі қозғаған орган жүргізеді.

Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 75, 75-1, 187, 187-1, 193-197-баптарында көзделген қылмыстар жөніндегі істер бойынша алдын ала тергеуді, осы істің қозғалуына себепші болған қылмыс қай органның тергеуіне жатса, сол орган жүргізеді"

5) 121-1 бапқа мынадай толықтыру енгізілсін:

екінші бөлігі "тергеушіге нұсқау беруге" сөздерінен кейін "қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы, жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды міндетті түрде құлақтандыра отырып, істі тоқтату мен кідірту туралы заңсыз қаулылардың қүшін жоюға, аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жіберуге" сөздерімен толықтырылсын;

2. "Жедел - іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13, 199-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 6-бапта:

"Г" тармағында "Қаржы министрлігінің салық қызметі органдары" сөздері "салық полициясының органдары" сөздерімен алмастырылсын;

д) тармағынан "жүзеге асырады" сөздері алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы "е", "ж" тармақтарымен толықтырылсын:

"е) Мемлекеттік тергеу комитеті;

ж) кеден органдары жүзеге асырады".

2) 10-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы "ішкі істер" сөздерінен кейін "Мемлекеттік тергеу комитеті" сөздерімен толықтырылсын, "әскери барлау" сөздерінен кейін "кеден" сөзімен толықтырылсын, "салық қызметі" сөздері "салық полициясы" сөздерімен алмастырылсын;

3) 12-баптың 2-тармағында:

"а" тармақшасында "ішкі істер органдары" сөздері "мемлекеттік тергеу комитеті, ішкі істер органдары" сөздерімен алмастырылсын;

жетінші абзацта "Ішкі істер" сөздерінен кейін "Мемлекеттік тергеу комитеті" сөздерімен толықтырылсын, "Қорғаныс министрлігінің әскери барлау" сөздерінен кейін "кеден" сөзімен толықтырылсын, "Қаржы министрлігінің салық қызметі" сөздері "салық полициясы" сөздерімен алмастырылсын.

3. Осы Жарлық 1996 жылғы 1-қантардан бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК